





Published by the Comic Bible Society, LLC
Copyright © 2022

Kingstone Comics maintains copyright to
this comic book as provided by United
States copyright law.

Print and digital copies of this version may
be freely distributed without penalty under
a Creative Commons license.






ИЛИЯСТЫ ЕНДІ КӨРЕ
АЛМАҒАН СӘТТЕ ЕЛІШЕ
ҚАТТЫ ҚАЙҒЫРЫП
ҮСТІНДЕГІ КИІМІН
ҚАПСЫРА ҰСТАП,
АЙЫРА ЖЫРТТЫ.

ТРРРРРР!




СОДАН КЕЙІН ЕЛІШЕ ЖЕРГЕ ТҮСІП ҚАЛҒАН ИЛИЯСТЫҢ ШАПАНЫН
КӨТЕРІП АЛДЫ. БҮЛ ЕЛІШЕГЕ ИЛИЯСТЫҢ РУХЫ ҚОНҒАННЫҢ БЕЛГІСІ ЕДІ.



ИЛИЯСТЫҢ
СЫЫҒАН ҚҰДАЙЫ
ЖАРАТҚАН ИЕ
ҚАЗІР ҚАЙДА
ЕКЕН?



ИЛИЯСТА БОЛҒАН
РУХ ЕЛІШЕГЕ ҚОНҒАН
ЕКЕН!




ОЛАР ЕЛІШЕНІҢ
АЛДЫНА КЕЛІП,
ИСРАИЛДІҢ ЖАҢА
ҰЛЫ ПАЙҒАМБАРЫ
РЕТІНДЕ ЖЕРГЕ ДЕЙІН
ИЛЕ ТАҒЗЫМ ЕТТІ.



АЛДЫҢЫЗДАҒЫ ПЕНДЕЛЕРІҢІЗДІҢ
АРАСЫНДА ЕЛУ ШАҚТЫ ҚАЙРАТТЫ
ЕР АДАМ БАР, ҚОЖАЙЫҢЫЗДЫ
ІЗДЕП КЕЛУЛЕРІНЕ РҰҚСАТ ЕТЕ
КӨРІҢІЗ.

МУМКІН, ЖАРАТҚАН
ИЕНІҢ РУХЫ ОНЫ КӨТЕРІП
ӘКЕТИП, БІР ТАУ БАСЫНА
НЕМЕСЕ БІР АҢҒАРҒА
ТАСТАП КЕТКЕН ШЫҒАР!

ЖОҚ,
ОЛАРДЫ
ЖІБЕРМЕҢДЕР!



СОЛ ЖЕРДЕН ЕЛІШЕ БЕТЕЛГЕ КӨТЕРІЛІП БАРДЫ. СОЛ ҚАЛАДАН ШЫҚҚАН БІР ТОП ЖАСӨСПІРІМ ОНЫ МАЗАҚТАП ЖАТТЫ...

ӘЙ,
ТАҚЫРБАС,
КӨТЕРІЛЕ
БЕР!

ИӘ, ТАҚЫРБАС,
КЕТ БҮЛ ЖЕРДЕН!

ҚҰДАЙДЫҢ
ПАЙҒАМБАРЫН
МАЗАҚТАСАҢДАР, ҚҰДАЙДЫ
МАЗАҚТАҒАҢДАРЫН.

ЖАРАТҚАН ИЕМ-ӨЗІҢНІҢ
ӘДІЛДІГІҢМЕН ОЛАРДЫ
ЖАЗАЛАЙ ГӨР-ӨЙТКЕНІ
ОЛАР СЕНІ МАЗАҚТАП
ЖАТЫР.

ААААА!

МЕНІҢ
ҚОЛЫМДЫ
ЖҮЛЫП
АЛДЫ.

СОНДА ЛЕЗДЕ ОРМАННАН ЕКИ ҰРҒАШЫ
АЮ ШЫҒА КЕЛІП, ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ
ҚЫРЫҚ ЕКІСІН ЖАРЫП ТАСТАДЫ.



АХАБ ҰЛЫ ЖОРАМ СОЛТҮСТІК
ИСРАИЛДІҢ ПАТШАСЫ БОЛДЫ.

ӘКЕСІ ЖАЛҒАН ТӘҢІР БАҒАЛҒА АРНАП
ЖАСАТЫП, ТҮРҒЫЗҒАН ТАС БАҒАНАНЫ ОЛ
АЛЫП ТАСТАСА ДА, ЖОРАМ ЖАРАТҚАН
ИЕГЕ ЖЕК КӨРІНІШТІ ІСТЕР ІСТЕДІ.



МОАБ ПАТШАСЫ МЕША ИСРАИЛ ПАТШАСЫНА ЖЫЛЫНА
ЖҮЗ МЫҢ ТОҚТЫНЫ ӘРІ ЖҮЗ МЫҢ ҚОШҚАРДЫҢ ЖҮНІН
БЕРІП ТҮРУҒА МІНДЕТТІ БОЛАТЫН.

АХАБ ПАТША ЕНДІ ӨЛДІ, МЕН
ИСРАИЛДІҢ АЛДЫНДАҒЫ
МІНДЕТІМНЕН ҚҰРТЫЛУЫМ
КЕРЕК.

МЕН
ӘСКЕРЛЕРДІ
ЖИНАЙЫН, ҚАЗІР
ИСРАИЛ ӘЛСІЗ
ЖӘНЕ ЖЕҢІСКЕ
ЖЕТЕ АЛМАЙДЫ.



ЖОРАМ ЖОСАПАТҚА
МЫНАДАЙ ХАБАР
ЖОЛДАДЫ: "МОАБ ПАТШАСЫ
МАҒАН ҚАРСЫ БАС КӨТЕРДІ.
МЕНІМЕН БІРГЕ МОАБҚА
ҚАРСЫ СОҒЫСУҒА
АТТАНАСЫЗ БА?"



ЖОСАПАТ ЖОРАМҒА ИСРАИЛГЕ КЕЛДІ.

ЖАРАЙДЫ! ӨЗІМ ДЕ,
ЖАСАҒЫМ ДА, АТТЫ ӘСКЕРІМ ДЕ
СІЗДІҢ ҚҰЗЫРЫҢЫЗДАМЫЗ.
СОЛ ЖАҚҚА БІЗ ҚАЙ ЖОЛМЕН
БАРАМЫЗ?


ЕДОМНЫҢ
ШӨЛ ДАЛАСЫ
АРҚЫЛЫ! ОЛ ЖЕРДІҢ
ПАТШАСЫ ДА БІЗБЕН
АТТАНАДЫ.



ОСЫЛАЙША ҮШ ПАТША ӘСКЕРЛЕРІН ЕРТІП
АТТАНДЫ. АЙНАЛМА ЖОЛМЕН ЖЕТІ КҮН БОЙЫ
ЖҮРГЕННЕН КЕЙІН ОЛАРДА СУ ҚАЛМАДЫ.

НЕ ІСТЕЙМІЗ
ЕНДІ?

ЖАРАТҚАН ИЕ
БІЗДІ, ҮШ ПАТШАНЫ,
МОАБ ПАТШАСЫНЫҢ
ҚОЛЫНА ТАПСЫРУ ҮШІН
ОСЫНДА ШАҚЫРҒАН
ЕКЕН ҒОЙ!



ЖОСАПАТ СҰРАП
ЖАТЫР, МҮНДА ЖАРАТҚАН
ИЕНИҢ ПАЙҒАМБАРЫ ЖОҚ
ПА ЕДІ?

ШАПАТ ҰЛЫ
ЕЛІШЕ ОСЫНДА
ЖҰР. ОЛ КЕЗІНДЕ
ІЛИЯСТЫҢ ШӘКІРТІ
БОЛДЫ.

ТУРА СОЛ
АДАМ БІЗГЕ
КЕРЕК БОЛЫП
ТҰР.



МЕНДЕ СЕНІҢ НЕ ШАРУАҢ
ИСРАИЛ ПАТШАСЫ БАР?

АНА ӘКЕННІҢ ЖӘНЕ
ШЕШЕҢНІҢ
«ПАЙҒАМБАРЛАРЫНА»
БАРА БЕР!

ЖОҚ! БІЗДІ, ОСЫ ҮШ
ПАТШАНЫ, МОАБТЫҚТАРДЫҢ
ҚОЛЫНА ТҮСІРУ ҮШІН
ШАҚЫРЫП АЛЫП КЕЛГЕН —
ЖАРАТҚАН ИЕНИҢ ӨЗІ!



МӘҢГІ ТІРІ ӘЛЕМНІҢ ИЕСІНІҢ АЛДЫНДА
ШЫН АЙТАМЫН: ЕГЕР ЯХУДАНЫҢ
ПАТШАСЫ ЖОСАПАТ БОЛМАҒАНДА, МЕН
САҒАН НАЗАР АУДАРМАС ТА ЕДІМ.

АЛ ЕНДІ, МАҒАН
БІР ЖЕТИГЕНШІНІ
АЛЫП КЕЛІҢДЕР!



«ЖАРАТҚАН ИЕ МЫНАНЫ БҮЙЫРАДЫ:
ОСЫ АҢҒАРДЫҢ ҰЗЫНА БОЙЫ АРЫҚТАР
МЕН ШҰҢҚЫРЛАР ҚАЗЫҢДАР!

СЕБЕБІ ЖАРАТҚАН
ИЕ МЫНАНЫ АЛДЫН АЛА
БІЛДІРЕДІ: СЕНДЕР ЕШ
ЖЕЛ МЕН ЖАҢБЫР
КӨРМЕЙСІҢДЕР, ӘЙТСЕ
ДЕ АҢҒАР СУҒА ТОЛЫП,
ӨЗДЕРІҢ ДЕ, МАЛДАРЫҢ
ДА СОДАН ІШЕТІН
БОЛАСЫҢДАР!



БҮЛ КЕРЕМЕТТЕРДІҢ БАСЫ ҒАНА. ОЛ,
СОНДАЙ-АҚ, МОАБТЫҚТАРДЫ
ҚОЛДАРЫҢА БЕРЕ САЛАДЫ.

СОНДА СЕНДЕР
БАРЛЫҚ БЕКИНІСТІ ДЕ
ҮЛКЕН ҚАЛАЛАРДЫ
ҚИРАТЫП, ҚҰНАРЛЫ
ЕГІСТІК АТАУЛЫҒА ТАС
ҮЙІП ТАСТАЙСЫҢДАР».






ИСРАИЛДІКТЕР
АЛДЫНА ҚАРАЙ
ШЫҒЫП КЕТТІ.

ӘРБІР ЖАСАҚШЫ ШҰРАЙЛЫ ЕГІСТІК ТАНАПТАРЫНА ТАС
ЛАҚТЫРЫП, ҮЙІП ТАСТАДЫ. ЖАСАҚШЫЛАР БҰЛАҚ КӨЗДЕРІНІҢ
БАРЛЫҒЫН БІТЕП, КҮЛЛІ ЖЕМІС АҒАШТАРЫН ШАУЫП ҚҰЛАТТЫ.



МОАБ ПАТШАСЫ ШАЙҚАСТА ЖЕҢІЛГЕНІН ҰҒЫП,
ЖЕТІ ЖҮЗ СЕМСЕР ҰСТАЙТЫН АДАМЫМЕН ЕДОМ
ПАТШАСЫНЫҢ ЖАҒЫНА ҚАРАЙ ӘСКЕР ШЕБІН
ЖАРЫП ӨТІП КЕТПЕК БОЛДЫ.



БІРАҚ ОЛАР ӨТІП
ҮЛГЕРМЕДІ. ОЛ ЕКІ
ӘСКЕРЛЕРДІҢ
АЛДЫНДА ҚАЛА
ҚАБЫРҒАСЫНА
МІНДІ.

МЫНАУ
НЕ ІСТЕП
ЖАТЫР?


ОЛ ӨЗІНІҢ
ҰЛЫН
ҚҰДАЙЛАРЫНА
ҚҰРБАНДЫҚ
ШАЛЫП ЖАТЫР.



ПАТШАНЫҢ МҮНДАЙ ҚҰРБАНДЫҒЫ
МОАБТЫҚТАРҒА КҮШ БЕРДІ.



АҚЫРЫ, ИСРАИЛ ӘСКЕРІ
ҮЙЛЕРІНЕ ҚАЙТЫП КЕТІП ҚАЛДЫ.





БІР КҮНІ ЕЛІШЕ ПАЙҒАМБАР
ШҮНЕМГЕ БАРДЫ. СОЛ
ҚАЛАДАҒЫ БІР АУҚАТТЫ
ӘЙЕЛ ЕЛІШЕДЕН ҮЙІНДЕ
ҚАЛЫП ТАМАҚ ІШҮІН ӨТІНІП,
СОҒАН КӨНДІРДІ.



ОСЫ КІСІ ҚҰДАЙДЫҢ
ҚАСИЕТТІ АДАМЫ ЕКЕН. ОҒАН
ҮЙІМІЗДІҢ ЖАЛПАҚ ТӨБЕСІНДЕ
БІР ШАҒЫН БӨЛМЕ САЛЫП,
СОНЫҢ ІШІНЕ ТӨСЕК-ОРЫН,
ҮСТЕЛ, ОРЫНДЫҚ ЖӘНЕ ШАМ
ҚОЯЙЫҚШЫ. СОНДА ОЛ БІЗГЕ
КЕЛЕ ҚАЛҒАНДА СОЛ ЖЕРДЕ
ТҮНЕЙ АЛАТЫН БОЛАДЫ!



ОЛАРДЫҢ КЕЛЕСІ КЕЛГЕНДЕРІНДЕ...

ӘЛГІ
ШҮНЕМДІК ӘЙЕЛДІ
ШАҚЫРШЫ, ОНЫМЕН
СӨЙЛЕСЕЙІН.



БІЗГЕ БОЛА ОСЫНШАМА
ӘБИГЕРГЕ ТҮСІПСІЗ. СОЛ ҮШІН СІЗГЕ
ҚАНДАЙ ЖАҚСЫЛЫҚ ІСТЕЙ АЛАМЫЗ?
ҚАЛАСАҢЫЗ, СІЗ ТУРАЛЫ ПАТШАМЕН
НЕМЕСЕ ӘСКЕР ҚОЛБАСШЫСЫМЕН
СӨЙЛЕСЕ АЛАМЫН.

МҰҚТАЖДЫҚ
КӨРМЕЙ
ЖАТЫРМЫН.



СОНЫМЕН
ОҒАН ҚАНДАЙ
ЖАҚСЫЛЫҚ
ІСТЕСЕК
БОЛАДЫ?

ОНЫҢ ҰЛЫ
ЖОҚ, АЛ КҮЙЕУІ
ҚАРТ АДАМ!

ТАҒЫ ДА
ШАҚЫРШЫ
ОНЫ.



КЕЛЕСІ ЖЫЛЫ
ОСЫ УАҚЫТТА
ҚҰШАҒЫҢЫЗДА
ҰЛЫҢЫЗ
БОЛАДЫ.

ОЙ, ЖОҚ,
МЫРЗАМ, СІЗ
ҚҰДАЙДЫҢ
АДАМЫСЫЗ!
АЛДЫҢЫЗДАҒЫ
ПЕНДЕНІЗДІ АЛДАЙ
КӨРМЕҢІЗ.



ӘЙТСЕ ДЕ ӘЙЕЛ ҚҰРСАҚ КӨТЕРІП,
КЕЛЕСІ ЖЫЛЫ СОЛ УАҚЫТТА ЕЛІШЕ
АЙТҚАНДАЙ БОСАНЫП, ҰЛ ТУДЫ.




БАЛА ЕДӘУІР ӨСІП ҚАЛҒАН КЕЗДЕ БІР КҮНІ АСТЫҚ
ОРУШЫЛАРМЕН БІРГЕ ЖҮРГЕН ӘКЕСІНІҢ ҚАСЫНА БАРДЫ.





ОЙБАЙ,
БАСЫМ! БАСЫМ
АУЫРЫП ТҮР!

ТЕЗДЕТІП
ОНЫ
ШЕШЕСІНЕ
АПАР!



БАЛА ШЕШЕСІНІҢ
ҚҰШАҒЫНДА ТҮСКЕ ДЕЙІН
ОТЫРЫП, ҚАЙТЫС БОЛДЫ.







СОДАН СОҢ ЕЛИШЕ ТӨСЕККЕ
КӨТЕРІЛІП, БАЛАНЫҢ ҮСТІНЕ ОНЫҢ
АУЗЫМЕН АУЗЫН, КӨЗДЕРІМЕН
КӨЗДЕРІН, ҚОЛДАРЫМЕН ҚОЛДАРЫН
ТҮЙІСТІРІП ЖАТТЫ. ОСЫЛАЙША ОЛ
ҮСТІНДЕ СОЗЫЛЫП ЖАТҚАНДА,
БАЛАНЫҢ ДЕНЕСІ ЖЫЛИ БАСТАДЫ.



ЕЛИШЕ ҚАЙТАДАН ТҮРІП,
ҮЙДІҢ ІШІНДЕ ОЛАЙ-БҰЛАЙ
БІРАЗ ЖҮРІП, ТӨСЕККЕ
КӨТЕРІЛІП, БАЛАНЫҢ ҮСТІНЕ
ҚАЙТАДАН СОЗЫЛЫП ЖАТТЫ.



СОНДА БАЛА ЖЕТІ РЕТ
ТҮШКІРІП, КӨЗДЕРІН АШТЫ.

АПШУУ!

АПШУУ!


....

АНАСЫН
ШАҚЫР.




МІНЕ,
ҰЛЫҢЫЗДЫ
АЛЫҢЫЗ!





ЕЛІШЕ ҒЫЛҒАЛҒА ҚАЙТЫП КЕЛГЕНДЕ,
СОЛ ЖЕРДІ АШТЫҚ ЖАЙЛАҒАН ЕКЕН.

ҮЛКЕН
ҚАЗАНДЫ АСЫП,
МЫНА ПАЙҒАМБАР
АДАМДАРҒА ТАМАҚ
ПІСІРІП БЕР!



СОЛАРДЫҢ БІРІ ДАЛАҒА ТАМАҚҚА ЖАРАМДЫ ШӨП
ТЕРУГЕ ШЫҒЫП, ЖАБАЙЫ АСҚАБАҚТЫҢ
ЖЕМІСТЕРІН ЕТЕГІНЕ ТОЛТЫРЫП АЛЫП КЕЛДІ.



УА,
ПАЙҒАМБАР, МЫНАУ
КӨЖЕҢІҢ ІШІНДЕ БІР
УЛЫ ЗАТ БАР ҒОЙ!



МАҒАН БІРАЗ
ҰН АЛЫП
КЕЛІҢДЕРШІ!

ЕНДІ
АДАМДАРҒА
БЕРСЕҢДЕР
БОЛАДЫ.



ОЛ ҰНДЫ ҚАЗАНҒА САЛЫП, СОНДА
ҚАЗАНДАҒЫ УДАН ЕШТЕҢЕ ҚАЛМАДЫ.

КЕРЕМЕТ-ҚУДАЙ
ШЫНЫМЕН ДЕ
ЕЛІШЕМЕН БІРГЕ
ЕКЕН.

БІЗ ҚУДАЙМЕН
ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСҚА
ЕЛІШЕНІ ТЫҢДАУ АРҚЫЛЫ
ҮЙРЕНЕ АЛАМЫЗ.







АРАМА ЕЛІНІҢ ПАТШАСЫ ӨЗІНІҢ ӘСКЕР ҚОЛБАСШЫСЫ
НАҒЫМАНДЫ ҚАТТЫ СЫЙЛАП, ЖОҒАРЫ БАҒАЛАЙТЫН.
АЛ НАҒЫМАН МЫҚТЫ ДА БАТЫЛ ЖАУЫНГЕР БОЛСА
ДА, ОНЫҢ БІР МӘСЕЛЕСІ БОЛДЫ.



ОЛ АЛАПЕСПЕН АУЫРАТЫН.



ИСРАИЛДЕН БІР ЖАС ҚЫЗ КҮҢ БОЛАТЫН. ОСЫ ҚЫЗ
ЕНДІ НАҒЫМАННЫҢ ӘЙЕЛІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТІП ЖҮРДІ.

ҚОЖАЙЫНЫМ
САМАРИЯДА ТҮРІП
ЖАТҚАН ПАЙҒА
МБАРМЕН КЕЗДЕССЕ
ҒОЙ, ШІРКІН!

СОЛ ОНЫ
АЛАПЕСІНЕН
САУЫҚТЫРЫП
ЖІБЕРЕР ЕДІ.




ИСРАИЛДЕН ӘКЕЛІНГЕН ҚЫЗ ОЛАРДА
БІР ПАЙҒАМБАР БАР ДЕП АЙТТЫ. ОЛ
КЕРЕМЕТТЕРДІ ЖАСАП, ЕМДЕЙДІ ЕКЕН.
БАРЫП КӨРІП КЕЛСЕМ
БОЛА МА ЕКЕН?

ЕНДЕШЕ ОҒАН
БАРҒАНЫҢ ЖӨН! МЕН
ИСРАИЛДІҢ ПАТШАСЫНА
СӘЛЕМХАТ ЖАЗЫП
ҚОЛҒА БЕРЕЙІН.



ОСЫЛАЙША
ҚОЛБАСШЫ ЖОЛҒА
ШЫҒЫП, ӨЗІМЕН
БІРГЕ ОН АТ
БАСЫНДАЙ КҮМІС,
АЛТЫ МЫҢ МЫСҚАЛ
АЛТЫН ЖӘНЕ ОН
КІІМ ЖИЙНТЫҒЫН
АЛА КЕТТІ.







МИНЕ, ЕНДІ БҮКІЛ ДҮНИЕ
ЖҮЗІНДЕ ИСРАИЛДІҢ СЫНАТЫН
ҚҰДАЙЫНАН БАСҚА ШЫНАЙЫ
ҚҰДАЙДЫҢ ЖОҚ ЕКЕНІНЕ
КӨЗІМ ЖЕТІП ОТЫР.

СОНДЫҚТАН
ӨТІМЕМІН, МЕНЕН
МЫНА СЫЙЛЫҚТЫ
ҚАБЫЛДАЙ
КӨРІҢІЗ!

ӨЗІМ ҚЫЗМЕТ
ЕТЕТІН МӘҢГІ ТІРІ
ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ
АЛДЫНДА ШЫН
АЙТАМЫН: МЕН ЕШ
НӘРСЕҢІЗДІ
АЛМАЙМЫН!




ӨТІМЕМІН-СЕН
МАҒАН ШИПА
БЕРДІҢ, СОЛ ҮШІН
СЫЙЛАРЫМДЫ
ҚАБЫЛ ЕТЕ ГӨР.

ИСРАИЛДІҢ ҚҰДАЙЫ
САҒАН ШИПА БЕРДІ.


ОНДА МАҒАН ЕҢ
БОЛМАҒАНДА ЕКІ ҚАШЫРЫМА
КӨТЕРГЕНДЕРІНШЕ ОСЫ ЖЕРДІҢ
ТОПЫРАҒЫН АРТЫП АЛУЫМА
РУҚСАТ ЕТІҢІЗШІ. ӨЙТКЕНІ БҮДАН
БЫЛАЙ ТЕК ЖАРАТҚАН ИЕГЕ ҒАНА
ҚҰРБАНДЫҚТАР ШАЛАТЫН
БОЛАМЫН.

ТЫНЫШТ
ЫҚПЕН ЖӨНІҢІЗГЕ
ҚАЙТА БЕРІҢІЗ!



АЛАЙДА МЫНА БІР ЖАЙЫТТЫ ЖАРАТҚАН ИЕ КЕШІРЕ КӨРСІН:
МЕН ПАТШАММЕН БІРГЕ РИММОННЫҢ ҒИБАДАТХАНАСЫНА
ҚҰЛШЫЛЫҚ ЕТУГЕ БАРУҒА МІНДЕТТІМІН. СЕБЕБІ ПАТША
МЕНІҢ ҚОЛЫМА СҮЙЕНІП ТҰРАДЫ.

СОНДА ОНЫМЕН БІРГЕ МАҒАН ДА
РИММОНҒА БАС ИОҮМЕ ТҰРА КЕЛГЕНДЕ,
ЖАРАТҚАН ИЕ МЕНІ КЕШІРЕ КӨРСІН!



ҚАРАШЫ,
МЕНІҢ МЫРЗАМ МЫНА
АРАМАЛЫҚ НАҒЫМАННЫҢ
АЛЫП КЕЛГЕНІН
ҚАБЫЛДАМАЙ, ОҒАН ТЫМ
ҮЛКЕН ЖЕҢІЛДІК ЖАСАП
ЖІБЕРЕ САЛДЫ.

МӘҢГІ ТІРІ ЖАРАТҚАН
ИЕНІҢ АЛДЫНДА ШЫН
АЙТАМЫН: МЕН ОНЫҢ
АРТЫНАН ҚҰЫП ЖЕТІП,
ОДАН БІРДЕҢЕ АЛЫП
ҚАЛАЙЫН!



БӘРІ ДҰРЫС ПА?

ЖАҢА ҒАНА
ЕФРЕМНИҢ ТАУЛЫ
АЙМАҒЫНДАҒЫ
ПАЙҒАМБАРЛАР
ШӘКІРТТЕРІНЕН ЕКІ
ЖАС ЖІГІТ КЕЛЕ ҚАЛДЫ.

СОЛАРҒА
БІР АТ БАСЫНДАЙ
КҮМІС ПЕН ЕКІ КИІМ
ЖИЫНТЫҒЫН БЕРЕ
КӨРІҢІЗ!



ЕКІ АТ
БАСЫНДАЙ
КҮМІС АЛА
ҒОЙ!

ЕКІ ҚЫЗМЕТШІМ
КӨТЕРІСІП
БЕРСІН.



БҰЛАРДЫ ОСЫ
ЖЕРДЕ ТАСТАП
КЕТҮЛЕРІҢЕ БОЛАДЫ.
ӨЗ ҚОЖАЙЫҢЫҢЫЗҒА
БАРА БЕРІҢІЗ.



ҚАЙДА БАРЫП
КЕЛДІҢ, ГЕХЭЗИ?

ЖОҚ,
ЕШ ЖЕРГЕ
БАРҒАН
ЖОҚТЫН!

СОЛ АДАМҒА БАРА
ЖАТҚАНДА МЕНІҢ
РУХЫМ СОЛ ЖЕРДЕ
БОЛМАДЫ ДЕП
ОЙЛАЙСЫҢ БА?!

ҚАЗІР КҮМІС
ПЕН КИІМ-КЕШЕК, ЗӘЙТҮН
МЕН ЖҮЗІМ БАҚТАРЫН,
ІРІЛІ-ҰСАҚТЫ МАЛДАРДЫ
ӘРІ ҚҰЛ-ҚҰНДЕРДІ
ҚАБЫЛДАЙТЫН
УАҚЫТ ПА?



НАҒЫМАННЫҢ
АУРУЫ СЕНІҢ ӨЗІҢЕ
ЖӘНЕ ҮРІМ-БҮТАҒЫҢА
МӘҢГІЛІККЕ ЖҰҒАТЫН
БОЛАДЫ!!





АРАМА ЕЛІНІҢ ПАТШАСЫ СОЛТУСТІК
ИСРАИЛГЕ ҚАРСЫ СОҒЫС АШТЫ...

МЕН ӨЗ
ОРАМДЫ БҮЛ
ЖЕРДЕ
ТІГЕМІН.

ЖОРАМ ПАТША, ЕЛІШЕ
ПАЙҒАМБАР АРАМДЫҚТАРДЫҢ
ОРДАСЫН ҚАЙ ЖЕРДЕ ТІККЕНІҢ
СІЗГЕ АЙТЫП ЖЕТКІЗДІ.



ОСЫДАН ПАЙҒАМБАР
ҮШІНШІ РЕТ НАҚТЫ АҚПАРАТ
БІЗГЕ БЕРІП ЖАТЫР.




ОНДА БАРЫП,
ОҒАН ІЗДЕУ САЛЫҢДАР! МЕН
АДАМДАРЫМДЫ ЖІБЕРІП, ОНЫ
ҚОЛҒА ТҮСІРІП АЛАЙЫН!

ЕШҚАЙСЫМЫЗ
ДА СОЛАЙ
ІСТЕМЕЙМІЗ.

ҚАЙТА, СІЗДІҢ
ТІПТІ ЖАТАТЫН БӨЛМЕҢІЗДЕ
АЙТҚАН СӨЗДЕРІЗГЕ ДЕЙІН
ИСРАИЛДІҢ ПАТШАСЫНА
ЖЕТКІЗІП ЖҮРГЕН —
ИСРАИЛДЕГІ ПАЙҒАМБАР
ЕЛІШЕ!

СОНДА ПАТШАҒА: «ЕЛІШЕ ДОТАНДА ЕКЕН!» — ДЕП МӘЛІМДЕНДІ. ПАТША
СОЛ ҚАЛАҒА АТТЫ ӘСКЕРІ, СОҒЫС КҮЙМЕЛЕРІ БАР ҮЛКЕН ЖАСАҚ
АТТАНДЫРЫП, ОЛАР СОЛ ҚАЛАҒА ТҮНДЕ ҚОРШАП АЛДЫ.







УА, ЖАРАТҚАН ИЕ, МЫНА АДАМДАРДЫҢ
КӨЗДЕРІН СОҚЫР ЕТЕ ГӨР!

СОНДА ЖАРАТҚАН ИЕ ОЛАРДЫ КӨЗДЕРІН
КӨРМЕЙТІН СОҚЫР ЕТІП ТАСТАДЫ.



БҮЛ ЖОЛ ДА,
ҚАЛА ДА ДҰРЫС
ЕМЕС.

МЕНІҢ СОҒЫМНАН
ЕРІҢДЕР, ІЗДЕП ЖҮРГЕН
АДАМДАРҒА АЛЫП
БАРАЙЫН!

ОЛАРДЫҢ БАРЛЫҒЫН САМАРИЯ
ҚАЛАСЫНА БАСТАП АЛЫП БАРДЫ.



УА, ЖАРАТҚАН ИЕ,
МЫНА АДАМДАР КӨРЕ
АЛСЫН, КӨЗДЕРІН
АШСАҢ ЕКЕН!

ЖОООҚ,
БІЗ ИСРАИЛДІҢ
АСТАНАСЫНДА
МЫЗ.

ОЛАР
БІЗДІ ӨЛТІРІП
ТАСТАЙДЫ.



МЫРЗЕКЕ,
ОЛАРДЫ ҚЫРЫП
ТАСТАЙЫН БА?

ОСЫ
ӘСКЕРДІҢ КӨЗІН
ҚҰРТАЙЫН БА?



ЖОҚ, ОЛАРҒА
ТИМЕНІЗ. ТІПТІ ӨЗІҢІЗ
СЕМСЕР-САДАҒЫҢЫЗБЕН
ҚОЛҒА ТҮСІРГЕН ТУТҚЫНДАРДЫ
ДА ӨЛТІРМЕС ЕДІҢІЗ ҒОЙ. ОДАН
ДА АЛДАРЫНА ТАМАҚ ҚОЙҢЫЗ,
ІШІП-ЖЕСІН. СОДАН
ПАТШАЛАРЫНА КЕРІ
ҚАЙТАРЫҢЫЗ!



СОНДА ПАТША ОЛАР ҮШІН БІР ҮЛКЕН
ҚОНАҚАСЫ БЕРІП, ТАМАҚҚА ТОЙҒЫЗДЫ.

ІШІП-ЖЕП БОЛҒАННАН КЕЙІН
ОЛАРДЫ ӨЗДЕРІНІҢ ПАТШАСЫНА
ҚАЙТАРЫП ЖІБЕРДІ.

СОЛ КЕЗДЕН БАСТАП АРАМАЛЫҚ
ЖАСАҚШЫЛАР ТОПТАРЫ СОЛТҮСТІК
ИСРАИЛГЕ ШАПҚЫНШЫЛЫҚ
ЖАСАМАЙТЫН БОЛДЫ.

АЛАЙДА ОСЫДАН ЕДӘУІР УАҚЫТ ӨТКЕННЕН КЕЙІН АРАМА ПАТШАСЫ БЕН-ХАДАД ӨЗІНІҢ БҮКІЛ ӘСКЕРІН ЖИНАП, САМАРИЯҒА АТТАНЫП, ҚАЛАНЫ ҚОРШАП АЛДЫ.



СОНЫҢ КЕСІРІНЕН ҚАТТЫ АШАРШЫЛЫҚ БАСТАЛДЫ. ЕСЕКТІҢ БАСЫ СЕКСЕН МЫСҚАЛ КУМІСКЕ САТЫЛАТЫН БОЛДЫ.



УА, ПАТША ИЕМ, КӨМЕКТЕСЕ КӨРІҢІЗ!

ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ ӨЗІ КӨМЕКТЕСПЕСЕ, МЕН ҚАЙДАН САҒАН КӨМЕКТЕСЕМІН? ӨЗ ҚЫРМАНДАРЫМНАН БА?

ӨЗ КУБИЛЕРІМДЕ ТҮК ҚАЛМАДЫ НЕ БОЛЫП ҚАЛДЫ?



МЫНА ӘЙЕЛ МАҒАН: «СЕНІҢ БАЛАҢДЫ БҮГІН ЖЕЙІК, МЕНІКІН ЕРТЕҢ ЖЕЙМІЗ» ДЕП УСЫНҒАН ЕДІ.

ОСЫЛАЙША МЕНІҢ БАЛАМДЫ ЕКЕУІМІЗ АСЫП ЖЕДІК. КЕЛЕСІ КҮНІ МЕН ОҒАН: «ЕНДІ СЕН БАЛАҢДЫ БЕР, ЖЕЙІК!» ДЕСЕМ, ОЛ ОНЫ БІР ЖЕРГЕ ТЫҒЫП ТАСТАПТЫ!



ШАПАТ ҰЛЫ ЕЛІШЕНІҢ БАСЫН БҮГІН ШАУЫП ТАСТАМАСАМ, ҚҰДАЙ МЕНІ ЖАЗАЛАҒАН ҮСТІНЕ ЖАЗАЛАЙ БЕРСІН!







ЕЛІШЕ БУДАН ЕРТЕРЕК БАЛАСЫН ӨЛІМНЕН ҚАЙТА ТІРІЛТКЕН ӘЙЕЛГЕ БЫЛАЙ ДЕП КЕҢЕС БЕРГЕН БОЛАТЫН: «ЖАРАТҚАН ИЕ ЕЛГЕ ЖЕТІ ЖЫЛҒА СОЗЫЛАТЫН АШАРШЫЛЫҚ ЖІБЕРЕТІН БОЛЫП ШЕШТІ. ОТБАСЫҢЫЗБЕН КӨШІП БАРА АЛАТЫН ЖАҒЫҢЫЗҒА КӨШІП БАРЫП, СОНДА УАҚЫТША ТҰРЫП КЕЛІҢІЗДЕР»

ЖЕТІ ЖЫЛДАН КЕЙІН ӘЙЕЛ ЕЛІНЕ ҚАЙТА ОРАЛСА,ҮЙІ МЕН ЕГІСТІК ЖЕРІНДЕ БАСҚАСЫ ТҰРЫП ЖАТЫР ЕКЕН.ОЛАРДЫҢ БАРЛЫҒЫН ӨЗІНЕ ҚАЙТАРЫЛУЫН СҰРАП ПАТШАҒА ЖҮГІНДІ.



ДӘЛ СОЛ КЕЗДЕ ҚҰДАЙДЫҢ ПАЙҒАМБАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТШІСІ ГЕХӘЗИМЕН СӨЙЛЕСІП ОТЫРҒАН ЕДІ. ОЛ ОҒАН ЕЛІШЕ ЖАСАҒАН КЕРЕМЕТТЕР ЖАЙЫНДА ЖӘНЕ БІР ӘЙЕЛДІҢ БАЛАСЫН ӨЛІМНЕН ҚАЙТА ТІРІЛТКЕНІ ТУРАЛЫ АЙТЫП БЕРДІ.



УА, ПАТША ИЕМ,
МЕН СІЗГЕ ЖАҢА ҒАНА
АЙТҚАН ӘЙЕЛ, МІНЕ,
ОСЫ! АЛ МЫНАУ — ЕЛІШЕ
ҚАЙТА ТІРІЛТКЕН ОНЫҢ
ҰЛЫ!

БІРЕУДІ ӨЛІМНЕН
ҚАЙТА ТІРІЛГЕНІ
ЖАЙЫНДА БІРІНШІ РЕТ
ЕСТІП ОТЫРМЫН.



МЫНА ӘЙЕЛГЕ МЕНШІГІНДЕ БОЛҒАНЫНЫҢ
БАРЛЫҒЫН ДА, ОНЫҢ БАСҚА ЕЛГЕ КЕТКЕН
КЕЗІНЕН КҮНІ БҮГІНГЕ ДЕЙІН ЖЕРІНЕН
ТҮСКЕН ӨНІМДЕРІНІҢ БӘРІМЕН ҚОСА
ҚАЙТАРЫП АЛЫП БЕР!

ҚҰП БОЛАДЫ
ПАТШАМ.

БІРДЕ ЕЛІШЕ ҚҰДАЙДЫҢ ИЛИЯСҚА БЕРГЕН ҮШ
БҮЙРЫҒЫН ОРЫНДАУ ҮШІН ДАМСК ҚАЛАСЫНА БАРДЫ.

СОЛ КЕЗДЕ АРАМА ЕЛІНІҢ ПАТШАСЫ АУЫРЫП
ЖАТҚАН БОЛАТЫН. ЕЛІШЕ ҚАЛАҒА КЕЛГЕНІҢ
ЕСТІГЕНДЕ, ПАТША НӨКЕРЛЕРІНІҢ БІРІ —
ХАЗАИЛДІ ШАҚЫРДЫ.

СЫЙЛЫҚ
АЛЫП, ҚҰДАЙДЫҢ
АДАМЫНА БАРЫП
КЕЛ!

ОЛ ЖАРАТҚАН ИЕДЕН:
«ОСЫ АУРУДАН ЖАЗЫЛАР
МА ЕКЕНМІН?» ДЕП СУРАЙ
КӨРСІН».

ПАТША ЕЛІШЕНІ ӨЗІНЕ ҚАРАТЫП АЛУ ҮШІН
ДАМСКІНІҢ ЕҢ ЖАҚСЫ ЗАТТАРЫНАН ҚЫРЫҚ
ТҮЙЕГЕ СЫЙЛЫҚ АРТЫП АЛЫП ЖІБЕРДІ.

СІЗДІҢ ҚҰЛЫҒЫЗ — АРАМА
ПАТШАСЫ БЕН-ХАДАД МЕНІ
СІЗДЕН: «ОСЫ АУРУДАН
ЖАЗЫЛАР МА ЕКЕНМІН?» ДЕП
СУРАУҒА ЖІБЕРДІ.

ОҒАН ҚАЙТЫП
БАРЫП: «СІЗ
СӨЗСІЗ САУЫҒЫП
КЕТЕСІЗ» ДЕ.

АЛ ЖАРАТҚАН ИЕ
МАҒАН ОНЫҢ ІС
ЖҮЗІНДЕ ӨЛЕТІНІҢ
АШЫҚ КӨРСЕТТІ.

ЕЛІШЕ ХАЗАИЛҒА ҚАДАЛА ҚАРАП ҚАЛҒАНЫ
СОНША, ОЛ ӨЗІН ҚАТТЫ ЫҒҒАЙСЫЗ СЕЗІНДІ. ^[1]

^[1] ЕЛІШЕ ХАЗАИЛ ПАТШНЫ ӨЛТІРЕТІНІҢ БІЛДІ ЖӘНЕ ДЕ
ХАЗАИЛ ЕЛІШЕНІҢ БУНЫ БІЛІП ҚОЙҒАНЫҢ ТҮСІНДІ.



МЫРЗАМ, НЕГЕ
ЖЫЛАЙСЫЗ?

ӨЙТКЕНІ МЕН
СЕНІҢ ИСРАИЛ ХАЛҚЫНА
ҚАНДАЙ ЗҰЛЫМДЫҚТАР
ЖАСАЙТЫНЫҢДЫ БІЛІП
ОТЫРМЫН.



СЕН ИСРАИЛДІҢ БЕКИНІСТІ
ҚАЛАЛАРЫН ӨРТЕП, ОНЫҢ ЖАС
ЖІГІТТЕРІН СЕМСЕРДІҢ ЖҮЗІМЕН
ҚЫРАСЫҢ, ЕМШЕКТЕГІ СӘБИЛЕРІН
ЖЕРГЕ ЛАҚТЫРЫП ӨЛТІРЕСІҢ, ЖҮКТІ
ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ІШТЕРІН ЖАРАСЫҢ!



ОСЫНДАЙ ҒАЛАМАТ
ІСТІ МЕНДЕЙ ИТ
ІСПЕТТІ ПАҚЫРЫҢЫЗ
ҚАЛАЙША ІСТЕЙ АЛАР
ЕКЕН?

ЖАРАТҚАН ИЕ
МАҒАН СЕНІҢ
АРАМА ПАТШАСЫ
БОЛАТЫНЫҢДЫ
КӨРСЕТТІ.



ЕЛІШЕ
САҒАН НЕ ДЕДІ?

ОЛ СІЗДІ
СӨЗСІЗ
САУЫҒЫП
КЕТЕСІЗ ДЕДІ.



АЛАЙДА КЕЛЕСІ КҮНІ ХАЗАИЛ БІР
КӨРПЕНІ СУҒА МАЛЫП, СОНЫМЕН
ПАТШАНЫҢ БЕТІН ЖАУЫП,
ТҮНШЫҚТЫРЫП ӨЛТІРДІ.

ААХХХХ...

СОДАН КЕЙІН ХАЗАИЛ
ОНЫҢ ОРНЫНА ӨЗІ
ПАТША БОЛЫП АЛДЫ.



SUPERBIBLE.TV